

**8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
 Шакирова Арайлы Далеловнаның
 «Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық
 қабілеттерін дамыту»
 тақырыбында дайындалған диссертациясына
 ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/ немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1. Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).	Диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарына, мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес Бәсеке қабілетті тұлға мен маманды дамытудың негізі жанұяда, қоғамда және білім беру жүйесінде қалыптасатын қабілеттер негізінде жүзеге асады. Жаппай кәсіптерді меңгеру және білікті кадрларға деген сұраныстың артуына байланысты оқу кезеңінде кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінің болуы, білімгерлердің кәсіби дайындықпен байланысындағы қабілеттерді талдау қажеттілігі, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес бағытталған. Зерттеудің өзектілігі, болжамы, теориялық және практикалық мәні толыққанды көрсетілген.
2.	Ғылымға маңыздылығы	2.1. Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады , оның маңыздылығы да жақсы ашылған . А.Д. Шакированың зерттеу жұмысында теориялық-әдіснамалық негіздерін талдау; тақырыптағы негізгі категориялар - педагогикалық қабілеттер, әлеуметтік-психологиялық тренинг ұғымдарын нақтылау; эмпирикалық зерттеу методологиясын жасап, жүзеге асыру зерттеу мақсатына сәйкес орындалған. Сонымен қатар, зерттеу жұмысын

			жоғары білім беру орындарында және оқу-тәрбие қызметін жоспарлау кезеңінде басқалардан түбейгейлі ерекшеленетін әлеуметтік-психологиялық тренингтерді педагог мамандарын даярлау бойынша жұмысты жетілдіруге бағытталған практикалық материалдар ретінде қолдануға болады.
3.	Өзі жазу принципі	3.1. Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертация тақырыбының нақты өрісіндегі теориялық, эмпирикалық ғылыми нәтижелерді: 1) 2019жылдан бастап халықаралық деңгейдегі конференция материалдарының жинақтарына; ҚР ҒжЖБМ ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынатын басылымдарда; Scopus (Скопус) деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған 13 ғылыми, әдістемелік еңбектерінің жарияланып, оларда диссертация мазмұнын, басты идеяларын ашып көрсетуі; 2) диссертация мазмұнында, идеясында авторы мен дереккөзін көрсетпей бөтен материалдарды пайдаланудың анықталмауы А.Д. Шакированың диссертацияны өзі жазу деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принцип	4.1. Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлік принципіне келсек, оның өзектілігі талапқа сай дайындалып, А.Д. Шакированың қол жеткізген барлық нәтижелері зерттеу шеңберінде өзара қисынды байланысқан. Жұмыстың ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары зерттеу нысаны мен пәні, зерттеудің мақсаты мен міндеттері ішкі бірлікке негізделіп, орындалған.
		4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындалмайды.	Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын толық айқындайды. Диссертацияның құрылымы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, 207 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияда 38 кесте, 20 сурет берілген және қосымшалармен толықтырылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері	Зерттеу жұмысының мақсаты мен

		<p>диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді, бұл зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды. Зерттеудің мақсаты әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамытуды ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу, эксперименттік-тәжірибелік зерттеу және ғылыми-әдістемелік кешен ұсыну. Мақсатқа жету үшін А.Д. Шакирова әдіснамалық және эксперименттік бағыттарды өзара ажыратып, соның негізінде реттелген, бірізді төрт міндет қойған. Диссертациялық зерттеудегі автор қойған зерттеу мақсаты мен міндеттері өзара байланысты және олар жұмыс тақырыбына келісіммен сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланысы жоқ. 	<p>Диссертация тақырыбы, әдіснамалық ақпараттары, бөлімдер мен тармақтардың арасындағы байланыс пен сәйкестіктерден жұмыс мазмұнының қатаң реттелгендігі көрінеді. Өзара байланысқан, ішкі бірлікке ие, дәйекті зерттеу көздерін қолдану, өзі қол жеткізген ғылыми нәтижелерін толымды талдау диссертацияның мазмұнындағы қисындылықты қамтамасыз етеді. Сондықтан А.Д. Шакированың диссертациялық зерттеуі ғылыми жұмыстың талаптарына сәйкес, біртұтас жүйені құрайды. Олай болса, диссертациялық зерттеудің барлық бөлімдері, тармақтары жалпы құрылымы толымды логикалық байланысқан.</p>
		<p>4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген. 	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысында докторант, бұрын белгілі болған ғалымдардың еңбектеріндегі мәселелерді заманауи сұранысқа сай сыни талдау негізінде салыстырып, диссертациялық зерттеудің мазмұнын көрсететін өз шешімдерін ұсынды және дәлелдеді.</p>
5.	Ғылыми	5.1. Ғылыми нәтижелер мен	Зерттеу жұмысындағы ғылыми

жаңашылдық принципі	<p>қағидаттар жаңа болып табылады ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p>нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. А.Д. Шакирова эмпирикалық зерттеу арқылы, мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында келесі жаңа нәтижелерге қол жеткізген:</p> <p>1) алғаш рет қазақстандық педагогика және психологияда әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту қарастырылып, іргелі және қолданбалы білімдерді дамытуға мүмкіндік жасалды;</p> <p>2) қазіргі заманғы әлеуметтік-психологиялық тренинг, педагогикалық қабілет мәселелері бойынша шетелдік, ресейлік және қазақстандық зерттеулерге жүйелеу жүргізілді;</p> <p>3) Қазақстандық педагогика және психология ғылымында әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамытудың негізгі бағыттары әзірленіп, оның құрылымдық мазмұны модельде көрсетілді.</p> <p>4) Әлеуметтік-психологиялық тренингтер көмегімен білімгерлердің бойында педагогикалық қабілеттерді дамытуға болатындығы дәлелденді.</p>
	<p>5.2. Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа.</p> <p>Докторант әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамытудың теориялық негіздерін зерделеуде нормативті құжаттар, ғылыми еңбектерге сараптау, талдау жасау арқылы негізделінген, жеке ойын теориялық тұжырымдай білуінен, қорытынды жасауымен сипатталған.</p>
	<p>5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75%</p>	<p>Қазіргі таңда зерттеулердің басым көпшілігі, соның ішінде педагогикалық және психологиялық зерттеулерді алсақ техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерін негіздеуді талап етеді. Сол себепті</p>

		жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	А.Д. Шакирова жұмыстың тақырып өрісінде теориялық зерделеу, психологиялық тұрғыларды талдау, эксперименттік зерттеулерді жүргізіп, түсіндіру бойынша толығымен жаңа техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдерін ықпалдастырып алған және диссертация мазмұнында ол толығымен жаңаша негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	6.1. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертация мазмұнындағы әрбір бөлім, әрбір тармақтар бойынша және жалпы қорытындылар зерттеу пәні мен нысаны, мақсат-міндеттеріне, қойылған жалпы және дербес болжамдарға, зерттеу әдістері мен әдістемелеріне қатысты тұжырымдалған. Әрі диссертация мазмұны теориялық және эксперименттік зерттеу бойынша келтірілген. Мұнда теориялық зерттеуде ауқымды ғылыми қор талданады. Зерттеудің мақсатымен танысқаннан кейін және зерттеуге қатысу келісіміне қол қойғаннан кейін қатысушылар бірнеше бөлімнен тұратын зерттеуді орындаған және нәтижелерін толықтай сипаттаған. Олай болса, А.Д. Шакирова тұжырымдаған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелер арқылы негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1. Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді.</p>	А.Д. Шакирова қорғауға бірқатар негіз қалаушы қағидаттарды тұжырымдап ұсынған. Жұмыстың тақырыбына байланысты диссертация мазмұнындағы бөлімдер мен тармақтарда арнайы қарастырылып, талданады. Ауқымды ғылыми ақпарат, эксперименттік мәліметтер арқылы әр қағидат негізделіп, тұжырымдалған. Осылайша қорғауға ұсынылатын қағидаттар дәйекті түрде дәлелденген.
		7.2. Тривиалды ма?	Қорғауға ұсынылған әр қағидатқа өзіндік түпнұсқалық, бірегей жаңашылдық тән. Сондықтан қорғауға ұсынылатын қағидаттар тривиалды бола алмайды.
		7.3. Жаңа ма?	Қорғауға ұсынылған негізгі

		1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	қағидаттар жаңа . Себебі, бұған дейін педагогикада әлеуметтік-психологиялық тренинг көмегімен білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту жолдары болжанып, эмпирикалық жолмен тексеріліп, қорытынды жасалмаған.
		7.4. Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> .	Диссертацияда қарастырылған теориялық және практикалық қағидаттар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру саласында қолданыла алады, сондықтан қолдану деңгейі кең.
		7.5. Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Ия , мақала дәлелденген. Автордың жеке қатысуы диссертацияда баяндалған және халықаралық конференцияларда, ғылыми-әдістемелік жинақтар мен журналдарда ғылыми мақалалары жарияланған.
8.	Дәйектілік принципі дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1. Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Ия , әдістеменің таңдауы негізделген және әдіснама нақты жазылған. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі сақталған. Әдістемені таңдау негізделген, әдістеме жеткілікті толық сипатталған. Зерттеу бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігімен және зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің, сондай-ақ эксперименттік мәліметтерді статистикалық өңдеу әдістерінің оңтайлы үйлесімін тапқан.
		8.2. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Ия , диссертацияның нәтижелері заманауи зерттеу әдістері мен мәліметтерді өңдеу әдістерін қолдану арқылы алынған. Математикалық зерттеу әдістері қолданылып, нәтижелері өңделген. Алынған ғылыми-зерттеу нәтижелері мен мәліметтер цифрлық технология арқылы сызба, кесте, диаграмма түрінде ұсынылған.
		8.3. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған	Ия , диссертация мазмұнындағы теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер арқылы толымды және ғылыми-методологиялық мәдениет

		<p>(педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок.</p>	<p>тұрғысынан тексеріліп, дәлелденген және расталған. «Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту» тақырыбында «Кәсіби-педагогикалық өзін-өзі дамытуға ішінара дайындық деңгейінің диагностикасы» әдістемесі; О.Ф. Потемкинаның мотивациялық-қажеттілік саласындағы жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық көзқарастарын диагностикалау әдістемесі; «Қабілет деңгейін анықтау» тесті; К. Роджерс пен Р. Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделуін диагностикалау әдістемесі; Педагогикалық қабілеттілікті талдау әдістемесі; Өзін-өзі дамыту және кәсіби-педагогикалық қызмет деңгейін диагностикалау (Л.Н. Бережнова); «Сізде қандай әлеуметтік-психологиялық көзқарастар бар?» сауалнамасы; «Сіздің шығармашылық потенциалыңыз қандай?» әдістемелер эксперименттік бөлімінде зерттеулер жүргізіліп дәлелденген.</p>
		<p>8.4. Маңызды дәлелдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер мен <u>расталған/ішінара расталған/расталмаған</u>.</p>	<p>А.Д. Шакирова ғылыми зерттеу жұмысында өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасай отырып, мәнді мәлімдемелерді растайды. Диссертацияда отандық және алыс, жақын шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтемелер берілген.</p>
		<p>8.5. Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста 207 атаудан тұратын дереккөздерге сілтемелер берілген. Тақырып бойынша осы әдебиеттерді зерделей келе, ізденуші алдына қойған мәселені жан-жақты шешуді қарастырған. Сол себепті пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті деп санаймын.</p>
<p>9.</p>	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1. Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок.</p>	<p>Ия, зерттеу жұмысында теориялық зерттеулерді жүйелендірудің негізгі екі факторына байланысты (педагогикалық қабілет, әлеуметтік-психологиялық тренинг)</p>

		<p>эксперименттік-тәжірибелік тұлғадан талдау құрылған. Білімгерлердің педагогикалық қабілеттерінің жеке құрамдастарын дамытудағы әлеуметтік-психологиялық тренинг функциялары айқындалып, оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу процесінде олардың дамушы әлеуеті көрсетілген. Психологиялық теория білімгерлердің педагогикалық қабілеттерінің құрамдас бөліктері мен интегралды даралық қасиеттерінің өзара байланысын тұжырымдаумен байытылған, ол теориялық зерттеулер мен қолданбалы зерттеулердің нәтижесімен расталған.</p>	
		<p>9.2. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: жоғары оқу орындарында білімгерлердің кәсіби білім жүйесін сандық деңгейден сапалық деңгейге көтерудің теориялық-эмпирикалық негізі ретінде; болашақ педагог-психологтардың педагогикалық қабілеттері жағымды дамуына кәсіби даярлық мазмұны арқылы әсер ету жолдарының психологиялық шарты ретінде; жоғарғы оқу орнында болашақ мамандардың педагогикалық қабілеттерін зерттеудің салыстырмалы мәліметі ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар, эксперименталды зерттеуде қолданылған әдістемелер білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту мен оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру сапасын арттыруда колледждерде қолдануға болады.</p>
		<p>9.3. Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>; 3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u>.</p>	<p>Осы диссертацияда алынған нәтижелер мен практикаға арналған ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. «Әлеуметтік-психологиялық тренинг (педагогикалық қабілеттілік) негіздері» білім беру бағдарламасы арнайы курсы оқу үрдісінде негізге алған жөн.</p>

10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	А.Д.Шакированың зерттеу жұмысының академиялық жазу сапасын жоғары бағалаймын. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сай келеді. Жұмыстың мәтіні логикаға сай құрастырылған. Диссертация құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.
-----	---------------------------	---	---

Шешім: Шакирова Арайлы Далеловнаның 8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту» тақырыбындағы диссертация толық, аяқталған ғылыми жұмыс болғандықтан философия докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазак ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы



(Handwritten signature)



А.Х. Аренова